

Орталық банктің және оның еншілес ұйымдарының сатып алу саласындағы актілеріне Құқықтық мониторинг жүргізу туралы есеп

I. Кіріспе.

Заңнама саласының (кіші саласының) атауы:

Орталық банктің және оның еншілес ұйымдарының сатып алу саласындағы заңнамасы

Заңнама саласын (кіші саласын) реттейтін нормативтік құқықтық актілердің тізбесі:

- «Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт (бұдан әрі - ЕЭО туралы шарт) *(талданатын саланы мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу саласындағы ЕЭО-на мүше мемлекеттердің орталық бантерінің өкілеттігін айқындайтын ЕЭО туралы шарттың 88-бабының 4-тармағы тікелей реттейді);*

- «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының заңы (бұдан әрі – ҚРҰБ туралы Заң) *(талданатын сала аталған кіші саладағы Ұлттық Банктің өкілеттіктерін айқындайтын заңның 8-бабының 36) тармақшасын және 15-бабы 2-тармағының 26) тармақшасын тікелей реттейді);*

- «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесі мен құрылымын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығы *(талданатын сала ҚРҰБ туралы Ереженің 14-тармағының 51) тармақшасын және 19-тармағының екінші бөлігінің 56) тармақшасын тікелей реттейді);*

- «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚРҰБ) Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысы) (бұдан әрі – Сатып алу ережесі № 192);

- «Монетарлық қызметке қатысты қызметті айқындау туралы» ҚРҰБ Басқармасының 2005 жылғы 26 қарашадағы № 153 қаулысы.

Орталық банктің сатып алу саласындағы нормативтік құқықтық актілермен қатар аталған саланы реттеу ҚРҰБ-ның мынадай нормативтік емес құқықтық актілерін ескере отырып жүзеге асырылады:

- «ҚРҰБ-да тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу тәртібін бекіту туралы» ҚРҰБ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 173 қаулысы;

- «ҚРҰБ тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру мен өткізудің жекелеген мәселелері» ҚРҰБ Төрағасының 2018 жылғы 2 қарашадағы № 426 бұйрығы.

Нысаналы топ:

- ҚРҰБ, оның ведомстволары, оның құрылымына кіретін ұйымдар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы ҚРҰБ-ға тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруында болатын заңды тұлғалар, Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі-тапсырыс берушілер);

- заңды тұлға, заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум), кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, Тапсырыс берушілермен сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер/Тапсырыс берушілермен сатып алу туралы шарт жасасқан жеке тұлға (бұдан әрі – әлеуетті өнім берушілер/өнім берушілер).

Саланың (кіші саланың) сипаттамасы, оның мемлекеттік басқару жүйесіндегі мақсаттары мен міндеттері, реттеу объектісі мен субъектісі: талданатын сала (кіші сала) орталық банктің сатып алуды жүзеге асыру мәселелерін ЕЭО туралы шартқа, ҚРҰБ туралы Заңға және № 192 сатып алу қағидаларына сәйкес реттейді.

Мақсаты: қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау, адал бәсекелестік, тең қолжетімділік, сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы қағидаттары негізінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді тиімді және ашық сатып алуды қамтамасыз ету.

Міндеті: сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы, ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, сондай-ақ сатып алуға қатысушылар арасында адал бәсекелестік қағидаттарын сақтай отырып, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу мақсатында Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) жүзеге асыратын өзара байланысты, дәйекті іс-шараларды айқындау.

Нысан: тапсырыс берушілердің стратегиялық, әкімшілік және операциялық міндеттерін орындауды қамтамасыз ету мақсатында сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер.

Субъект: тапсырыс берушілер және әлеуетті жеткізушілер/жеткізушілер.

II. Заңнама саласын (кіші саласын) ретроспективті талдауы

р/с №	Талданатын заңнама саласының (кіші саласының) уақытша кезеңі	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Тұжырымдамалық сипаттағы енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды сипаттау (заңнамалық актінің құрылымдық элементтерін көрсете отырып)	Түзету негіздері және бастапқыда айтылған мақсаттар	Нақты салдары (енгізілген түзетулердің нәтижелері)
-------	--	------------------------------------	--	---	--

1.	2020-2025 ж.	ҚРҰБ туралы Заң	<p>ЕЭЖ туралы шарттың 88-бабының 4-тармағына сәйкес мүше мемлекеттердің ұлттық (орталық) банктері сатып алуды жүзеге асырудың ішкі қағидаларына сәйкес әкімшілік-шаруашылық мұқтаждықтарын қамтамасыз ету, құрылыс жұмыстарын орындау және күрделі жөндеу үшін сатып алуды жүзеге асырады.</p> <p>Осыған байланысты және ҚРҰБ-ның нормативтік құқықтық актілерінде айқындалатын тәртіпшен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктерін заңнамалық бекіту үшін ҚРҰБ туралы заңда оның көрсетілген функциясы <i>(ҚРҰБ туралы Заңның 8-бабы бірінші бөлігінің 36) тармақшасы</i> бекітілген.</p> <p>Бұдан басқа, ҚРҰБ туралы Заңның 15-бабы 2-тармағының 26) тармақшасымен ҚРҰБ Басқармасының Қазақстан Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Қазақстан Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуын реттейтін актіні қабылдауға құзіреті бекітілген.</p> <p>Сондай-ақ, ҚРҰБ туралы Заңның 15-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ҚРҰБ басқармасы монетарлық қызметке жататын қызметті айқындайды.</p> <p>2020 - 2023 жылдары ҚРҰБ-ның тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру жөніндегі бекітілген құзыреті бөлігінде және тиісті тәртіпті бекіту бойынша өзгерістер енгізілмеген.</p> <p>2024 жылы ҚРҰБ туралы Заңның 15-бабы екінші бөлігінің 75) тармақшасына Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – агенттік) сатып алу қағидаларын тарату бөлігінде түзету енгізілді <i>(түзету ҚР 2024 жылғы 19 маусымдағы № 97-VIII ҚРЗ Заңымен енгізілді)</i>.</p> <p>Аталған өзгеріс Агенттіктің қызметін қаржыландыруды республикалық бюджет шығыстарының құрамынан алып тастауды және ҚРҰБ бюджетінен (шығыстар сметасынан) қаржыландыруға көшуді көздейтін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кредит беру кезінде тәуекелдерді азайту, қарыз алушылардың құқықтарын қорғау, Қаржы нарығын және Атқарушылық іс жүргізуді реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңымен шартталған.</p> <p>2025 жылы ҚРҰБ туралы Заңның 15-бабы артық заңнамалық регламенттеуді алып тастау жөніндегі жұмыс шеңберінде жаңа редакцияда жазылды, осыған байланысты ҚРҰБ Басқармасының сатып алу қағидаларын бекіту жөніндегі құзыреті 75) тармақшадан ҚРҰБ туралы Заңның 15-бабы екінші бөлігінің 26) тармақшасына ауыстырылды.</p> <p>ҚРҰБ Басқармасының монетарлық қызметке жататын қызметті айқындау жөніндегі құзыреті ҚРҰБ туралы Заңның 15-бабы екінші бөлігінің 10) тармақшасынан ҚРҰБ туралы Заңның 15-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына дербес ауыстырылды.</p>
----	--------------	-----------------	--

			<p>Осылайша, орталық банктің және оның еншілес ұйымдарының сатып алу саласындағы функцияларды реттеу бөлігіндегі ретроспективті талдау заңнаманың нормаларын көрсетеді:</p> <ul style="list-style-type: none">- сатып алу саласындағы құқықтық реттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді;- ҚРҰБ-ның сатып алу саласындағы саясатын тиімді нормативтік қамтамасыз етуді қамтамасыз етеді;- ҚРҰБ-ға жүктелген міндеттерді іске асыруға жәрдемдесуді қамтамасыз етеді.
--	--	--	---

III. Стратегиялық мақсаттар мен нысаналы индикаторларды талдауы

р/с №	Мемлекеттік жоспарлау Жүйесі құжатының немесе өзге де жоспарлау құжатының атауы	Мақсаты (мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжатына немесе өзге жоспарлау құжатына сәйкес қол жеткізу қажет нәтиже)	Қолданыстағы нормативтік құқықтық актінің не іске асыру үшін қабылданған немесе әзірленетін мақсаттың атауы (нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементін, нормативтік құқықтық актінің жобасын көрсете отырып)	Мақсатқа қол жеткізуге бағытталған не ықпал ететін нормалардың мазмұны туралы мәліметтер (құқықтық құралдар)	Мақсаттарға қол жеткізу құқығының нормаларын бағалау (нормативтік реттеу оларға қаншалықты қол жеткізуге мүмкіндік береді). <i>* Қажетті құқық нормалары/құқықтық құралдар болмаған жағдайда тиісті ұсыныстар әзірленеді</i>
ҚРҰБ Төрағасының 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 259 бұйрығымен бекітілген ҚРҰБ-ның 2024-2028 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында орталық банктің сатып алу саласын реттеу мәселелері бойынша жекелеген стратегиялық мақсат (нысаналы индикатор) көзделмеген.					

IV. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардан туындайтын міндеттемелердің орындалуын талдауы

р/с №	Халықаралық шарттың атауы	Қазақстан Республикасының Міндеттемесі (халықаралық шарттың құрылымдық элементін көрсете отырып)	Қолданыстағы нормативтік құқықтық актінің не орындалуы үшін қабылданған немесе әзірленетін міндеттеменің атауы (нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементін, нормативтік құқықтық актінің жобасын көрсете отырып)	Міндеттемелерді орындауға бағытталған не ықпал ететін нормалардың мазмұны туралы мәліметтер (құқықтық құралдар) <i>* Қажетті құқық нормалары/құқықтық құралдар болмаған жағдайда тиісті ұсыныстар әзірленеді</i>
	ЕЭО туралы шарт	<u>ЕЭО туралы шарттың 88-бабының 4-тармағы (XXII бөлім):</u> Осы бөлімнің күші осы тармақтың екінші - төртінші абзацтарының ерекшеліктері ескеріле отырып, мүше мемлекеттердің ұлттық (орталық) банктері жүзеге асыратын сатып алуға қолданылмайды. Мүше мемлекеттердің ұлттық (орталық) банктері өздерінің сатып алуды жүзеге асырудың ішкі	<u>ҚРҰБ құзыреті:</u> 1) ҚРҰБ туралы Заңның 8-бабының 36) тармақшасы және 15-бабы 2-тармағының екінші бөлігінің 26) тармақшасы; 2) ҚР Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген ҚРҰБ туралы Ереженің 14-тармағының 51) тармақшасы және 19-тармағының екінші бөлігінің 56) тармақшасы. <u>ҚРҰБ актісі:</u>	ҚРҰБ туралы Заңның 8-бабы бірінші бөлігінің 36) тармақшасымен ҚРҰБ нормативтік құқықтық актілерінде айқындалатын тәртіппен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру жөніндегі ҚРҰБ өкілеттігі айқындалды. ҚРҰБ туралы Заңның 15-бабы 2-тармағының 26) тармақшасымен ҚРҰБ Басқармасының Қазақстан Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының,

	<p>қағидаларына (бұдан әрі - сатып алу туралы ережеге) сәйкес әкімшілік-шаруашылық мұқтаждарды қамтамасыз ету, құрылыс және күрделі жөндеу жұмыстарын орындау үшін сатып алуды жүзеге асырады. Сатып алу туралы ереже осы бапта жазылған мақсаттарға және қағидаттарға қайшы келмеуге, оның ішінде мүше мемлекеттердің әлеуетті өнім берушілеріне тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге тиіс. Айрықша жағдайларда ұлттық (орталық) банктің жоғары органының шешімімен көрсетілген қағидаттардан ерекшеліктер белгіленуі мүмкін.</p> <p>Сатып алу туралы ереже сатып алуға қойылатын талаптарды, оның ішінде сатып алу рәсімдерін дайындау және жүргізу тәртібін (сатып алу тәсілдерін қоса алғанда) және оларды қолдану шарттарын, шарттарды (келісімшарттарды) жасасу тәртібін қамтуға тиіс.</p> <p>Бұл ретте сатып алу туралы ереже және мүше мемлекеттердің ұлттық (орталық) банктері жоспарлап отырған және жүзеге асырған сатып алу туралы ақпарат сатып алу туралы ережеде айқындалған тәртіппен мүше мемлекеттердің ұлттық (орталық) банктерінің Интернет желісіндегі ресми сайттарында орналастырылады.</p>	<p>№ 192 ереже.</p>	<p>оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Қазақстан Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуын реттейтін актіні қабылдауға құзіреті бекітілген.</p> <p>№192 сатып алу ережесінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру тәртібі регламенттелген; - сатып алуды жүзеге асыру қағидаттары айқындалды (1) сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау; 2) әлеуетті өнім берушілерге сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру; 3) әлеуетті өнім берушілер арасында адал бәсекелестік; 4) сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы); <p>-тапсырыс берушінің интернет-ресурсында да, «сатып алу порталы» ақпараттық жүйесінде де сатып алуды өткізу туралы хабарлау тәртібі айқындалған.</p>
--	--	---------------------	--

V. Құқық қолдану практикасын талдауы

p/c №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементі	Проблемалық сұрақтардың сипаттамасы	Ақпарат көздері	Қабылданған немесе қабылданған шаралар
	ҚРҰБ туралы Заң №192 сатып алу ережесі	ҚРҰБ-да сатып алуды жүзеге асыру мәселелерін регламенттейтін нормалар	<p>Жалпы алғанда, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру мәселелері бойынша заң нормаларын және ҚРҰБ НҚА-ні іске асыру кезінде бірыңғай тәжірибе қолданылады.</p> <p>Алайда реттеу субъектілері НҚА-нің жекелеген нормаларын түсіндіру үшін ҚРҰБ-не жүгінеді. Әдетте, келіп түскен сұраулар жеке немесе заңды тұлғаның нақты жағдайына байланысты.</p> <p>Түсіндіру сұралатын негізгі мәселелер:</p> <p>1) өткізілетін сатып алу шеңберінде біліктілік талаптары және талап етілетін құжаттар бойынша;</p> <p>2) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшеліктерінің мазмұны бойынша, сондай-ақ сатып алу құжаттамасының ережелерін (тендер шарттарын) нақтылау бөлігінде;</p> <p>3) өткізілетін сатып алуға қатысуға байланысты заңдық және рәсімдік мәселелер (сатып алуды өткізу мерзімдері мен тәртібі, сатып алу туралы шарттардың талаптары).</p> <p>2025 жылы «Сатып алу порталы» ақпараттық жүйесі арқылы тендер тәсілімен сатып алу шарттарын түсіндіру мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардан 11 сұрау түсті.</p>	<p>«e-Otinish» ақпараттық жүйесі</p> <p>«Сатып алу порталы» ақпараттық жүйесі</p>	<p>Тендер тәсілімен өткізілетін сатып алу мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың сұрау салулары бойынша ҚРҰБ сұрау салуларда сұралатын №192 қағидалар нормаларына түсініктеме береді.</p> <p>Түсіндіру сипатындағы шаралар жеке және заңды тұлғалардың сұрауларын қамтиды және қосымша іс-шаралар өткізуді талап етпейді.</p>

VI. Заңнама саласының (кіші саласының) тұрақтылығы

p/c	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген нормативтік құқықтық актінің атауы	Өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементі	Енгізілген өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың негіздемесі
Конституциялық Заңдар, Кодекстер, шоғырландырылған заңдар, заңдар				
-				
Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтары				
-				
Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық қаулылары				
-				
Ведомстволық нормативтік құқықтық актілер				
1.	№192 сатып алу ережесі	«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 2 желтоқсандағы № 91 қаулысы.	преамбула, 1-тармақ, 2-тармақтың 25) тармақшасы, 6-1, 19-тармақтар, 20-тармақты алып тастау, 83-тармақ, 84-тармақты алып тастау, 108-тармақ, 108-1-тармақпен толықтыру, 110, 118-тармақтар, 152-тармақтың 6) тармақшасы, 157, 168-тармақтар, 176-тармақтың 3) тармақшасын алып тастау, 177-тармақтар, 181, 188, 11-қосымша жаңа редакцияда жазылды.	Байланысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу: 1) ҚРҰБ туралы Заңға сәйкес келтіру мақсатында. 2) Қағидаларда қамтылған кейбір ұғымдарды «төтенше жағдай туралы», «азаматтық қорғау туралы», «Жылу энергетикасы туралы», «Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңдарымен сәйкестендіру қажеттілігімен; 3) сатып алу операторының атауын сәйкестендіру қажеттілігі; 4) сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеген өнім берушілерді «шарт жасасудан жалтарғандардан» «сатып алу туралы шарттар бойынша міндеттемелерді орындамағандарға» қайта біліктілендіру қажеттілігімен; 5) сатып алу порталындағы кейбір бизнес-процестерді автоматтандыру (тендерлік комиссияның хатшысына және оның мүшелеріне тендерлік өтінімдерге автоматты түрде қол жеткізуді ұсыну бөлігіндегі түзетулер);

				<p>6) егер тендерге бір тендерлік өтінім ұсынылған жағдайда Тапсырыс берушіге әлеуетті өнім берушіні жеңімпаз деп тану құқығын беру жолымен сатып алу процесін оңтайландыру (бұл ретте әлеуетті өнім беруші тендер шарттарына сәйкес келуі және бағаны 3% - ға төмендетуге қосымша баға ұсынысын ұсынуы тиіс);</p> <p>7) белгіленген мерзімде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеген өнім берушіге хабарлама беру мерзімін белгілеу қажеттілігімен;</p> <p>8) тапсырыс берушілердің мемлекеттік функцияларды не жарғылық қызметті орындауы кезінде олардың ақаулыққа төзімділігін және үздіксіз қызметін қамтамасыз ету қажеттілігімен (тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді тікелей шарт жасасу жолымен сатып алуға болатын жағдайлардың тізбесі Техникалық қызмет көрсету қызметтерімен, серверлік тіректерді жалға беру қызметтерімен толықтырылады) қамтамасыз етіледі.</p>
2.	«Монетарлыққа жататын қызметті айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 26 қарашадағы № 153 қаулысы	Жоқ.	Жоқ.	Жоқ.
Саланың тұрақтылық дәрежесі: 1, 67 (саланы салыстырмалы түрде тұрақты құқықтық реттеу)				

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 11 шілдедегі № 471 бұйрығымен бекітілген Құқықтық мониторинг жүргізу қағидаларының 29-тармағына сәйкес **құқықтық мониторинг жүргізу жылының алдындағы жыл құқықтық реттеудің тұрақтылық дәрежесін айқындау кезеңі болып табылады.**

Көрсетілген норманы басшылыққа ала отырып, талданатын кіші саланың тұрақтылық индексі есептеу кезінде 2025 жылға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген заңнамалық және заңға тәуелді актілердің саны ескерілді.

2025 жылы «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығын іске асыру үшін ҚРҰБ функциялары мен өкілеттіктерін регламенттейтін ҚРҰБ туралы Заңның 8 және 15-баптары қайта қаралды, ҚРҰБ туралы ереже жаңа редакцияда жазылды. Бұл ретте талданатын кіші саланы реттеу жөніндегі функциялар бөлігінде мазмұндық өзгерістер енгізілмеді (*ҚРҰБ-да тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру, монетарлық қызметке қатысты қызметті айқындау туралы нормаларды сондай-ақ ережелерді заттай өзгертпестен ішкі құрылымдық көшіру жүзеге асырылды*).

Справочно.

Заңнама саласының (кіші саланың) тұрақтылық индексі заңнама саласын (кіші саланы) реттейтін нормативтік құқықтық актілер түрлерінің тұрақтылығын мынадай формула бойынша қосу жолымен айқындалады:

$$S_{\text{жалпы}} = SZ + SU + SPP + SV,$$

онда:

Sz – заңнама саласының (кіші саланың) тұрақтылық индексі;

Sz - конституциялық заңдардың, кодекстердің, шоғырландырылған заңдардың, заңнама саласын (кіші саны) реттейтін заңдардың тұрақтылық индексі;

Su - Қазақстан Республикасы Президентінің заңнама саласын (кіші саланы) реттейтін нормативтік құқықтық жарлықтарының тұрақтылық индексі;

Spp - Қазақстан Республикасы Үкіметінің заңнама саласын (кіші саланы) реттейтін нормативтік құқықтық қаулыларының тұрақтылық индексі;

Sv - заңнаманың саласын (кіші саланы) реттейтін ведомстволық нормативтік құқықтық актілердің тұрақтылық индексі.

Заңнаманың саласын (кіші саланы) реттейтін ведомстволық нормативтік құқықтық актілердің тұрақтылық индексі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S_V = \frac{A_V / B_V}{30} * 100,$$

онда:

A_V - заңнаманың саласын (кіші саланы) реттейтін ведомстволық нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген ведомстволық нормативтік құқықтық актілердің саны;

B_V - заңнаманың саласын (кіші саланы) реттейтін ведомстволық нормативтік құқықтық актілердің жалпы саны;

30 - нормативтік құқықтық акт түрінің пайыздық мәні.

Тек,

$$S_V = (1/2)/30 * 100 = 1,67$$

$$S_{\text{общ.}} = 0 + 0 + 0 + 1,67 = 1,67$$

VII. Құқықтық талдауы

р/с №	Құқықтық мониторинг жүргізу барысында анықталған нормативтік құқықтық актінің түрі, қабылданған күні, нөмірі және атауы	Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементі (бөлігі, абзацы, тармақшасы, тармағы, бабы)	Анықталған кемшіліктің сипаттамасы	Анықталған кемшіліктерді жою бойынша қабылданатын немесе қабылданған шаралар (оның ішінде нормативтік құқықтық акт жобасының атауы, әзірлеу не келісу сатысы)
1	2	3	4	5
Қарама-қайшы нормалар				
-				
Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келмейтін нормалар				
1.	№192 сатып алу ережесі	68, 114-1, 134-тармақтар, 158-тармақтың 10) тармақшасы, 184, 185-тармақтар, 1-қосымшаның 3-1) тармақшасы, 1-1-қосымша, 5-қосымшаның 1-тармағы, 9, 13-қосымшалар	2026 жылғы 15 наурыздағы ҚР Конституциясының 2 – бабының 6-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы (ақша бірлігі) - теңге . Тиісінше, Ереженің барлық мәтіні бойынша «тенге» деген сөзді « теңге » деген сөзбен ауыстыру қажет.	Нормативтік құқықтық актінің жобасы әзірленуде.
Ескірген нормалар				
1.	№192 сатып алу ережесі	1-тармақтың он тоғызыншы абзацы	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрландыру, көлік және кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 9 қаңтардағы № 256-VIII Заңына және Қазақстан Республикасының цифрлық кодексінің қабылдануына сәйкес ҚР заңдарында « ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілері » деген сөздер « аса маңызды цифрлық объектілер » деген сөздермен ауыстырылды.	Нормативтік құқықтық актінің жобасы әзірленуде.
		2-тармақтың 10) тармақшасы	Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексінде көзделген « кілтпен құрылыс » ұғымына байланысты « құрылыстағы кешенді жұмыстар » ұғымы алынып тасталды.	

		<p>2-тармақтың 13) және 24) тармақшалары, 6-1-тармақтың 7) тармақшасы, 23-тармақтың 1) тармақшасы, 50-тармақтың 9) тармақшасы, 65-тармақтың 6) тармақшасы, 90-тармақ, 148-тармақтың 4) тармақшасы, 161-тармақтың 4) тармақшасы, 11-қосымшаның 8-тармағы</p>	<p>«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрландыру, көлік және кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 9 қаңтардағы № 256-VIII Заңына және Қазақстан Республикасының цифрлық кодексін қабылдауға сәйкес ҚР заңдарында «ақпараттық жүйе» деген сөздер «цифрлық жүйе» деген сөздермен ауыстырылды. Тиісінше, ережелерді жоғарыда көрсетілген ҚР Заңымен енгізілген өзгерістерге сәйкес келтіру қажет.</p>	
		<p>111, 111-1, 113-тармақтар</p>	<p>Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексiнiң қабылдануына және Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексiнде көзделген «кiлтпен құрылыс» ұғымына байланысты «кешендi жұмыстар» ұғымы «кiлтпен құрылыс» ұғымына, сондай-ақ «жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы және қала құрылысы жобалары» деген сөздер «жобалық құжаттамаға» ауыстырылды.</p>	
		<p>5) және 7) тармақшалар 6-1-тармақтар</p>	<p>«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрландыру, көлік және кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 9 қаңтардағы № 256-VIII Заңына және Қазақстан Республикасының цифрлық кодексін қабылдауға сәйкес ҚР заңдарында «ақпараттық қауіпсіздік» деген сөздер «киберқауіпсіздік» деген сөзбен ауыстырылды. Тиісінше, ережелерді жоғарыда көрсетілген ҚР Заңымен енгізілген өзгерістерге сәйкес келтіру қажет.</p>	
		<p>подпункты 5) и 7) пункта 6-1</p>	<p>«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрландыру, көлік және кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 9 қаңтардағы № 256-VIII Заңына және Қазақстан Республикасының цифрлық кодексін қабылдауға сәйкес ҚР заңдарында «электрондық ақпараттық ресурстар» деген сөздер «цифрлық ресурстар» деген сөзбен ауыстырылды.</p>	<p>Нормативтік құқықтық актінің жобасы әзірленуде.</p>

			Тиісінше, ережелерді жоғарыда көрсетілген ҚР Заңымен енгізілген өзгерістерге сәйкес келтіру қажет.
		185-тармақтың 3) тармақшасы	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрландыру, көлік және кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 9 қаңтардағы № 256-VIII Заңына және Қазақстан Республикасының цифрлық кодексін қабылдауға сәйкес ҚР заңдарында «ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілері» деген сөздер» «ифрлық инфрақұрылым объектілері» деген сөздермен ауыстырылды. Тиісінше, ережелерді жоғарыда көрсетілген ҚР Заңымен енгізілген өзгерістерге сәйкес келтіру қажет.
2.		158-тармақтың 1) тармақшасы	Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексіне сәйкес «авторлық қадағалау» деген сөздер «авторлық сүйемелдеу» деген сөздермен ауыстырылды.
3.		1-қосымшаның 3) тармақшасы	Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексінде көзделген «кілтпен құрылыс» ұғымына байланысты «құрылыстағы кешенді жұмыстар» ұғымы алынып тасталды.
Сыбайлас жемқорлық нормалары			
		-	
Қайталанатын нормалар			
		-	
Құқық нормаларының олқылықтары			
		-	
Артық бланкеттік және сілтемелік нормалардың болуы			
		-	
Басқаша (болған жағдайда)			
		-	
Барлығы: (анықталған құқық кемшіліктерінің саны: 4			

VIII. Қорытындылар мен ұсыныстар

Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу тәртібін реттейтін заңнамаға жүргізілген талдау жалпы осы саладағы қоғамдық қатынастарды нормативтік реттеудің тиімділігін көрсетеді.

ҚРҰБ туралы Заңның нормалары және заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру саласындағы құқықтық реттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді, сатып алуға қатысушыларға қойылатын талаптарды белгілей отырып, сатып алуды өткізу тәртібі мен шарттарын реттейді.

Нормативтік құқықтық актілерге енгізілетін өзгерістер серпіні саланың тұрақты құқықтық реттелуін көрсетеді. Талданатын кіші саланы реттейтін заңнамаға өзгерістер енгізу сатып алу процесін оңтайландыру, сатып алу рәсімдерінің сапасы мен ашықтығын арттыру, сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге байланысты бизнес-процестерді автоматтандыру, сондай-ақ актіні жоғары тұрған НҚА-ға сәйкес келтіру қажеттілігіне байланысты.

Мәселен, талданатын кіші саланы реттейтін заңнамаға енгізілген соңғы өзгерістер заңнаманың ережелерін жетілдіру мақсатында тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу процесін оңтайландыру мен нақтылауды қамтыды.

Реттеудегі тұжырымдамалық олқылықтар, құқық қолдану практикасындағы проблемалық мәселелер, ҚРҰБ құзыреті шегінде талданатын саладағы қаржы нарығының субъектілері үшін нормативтік кедергілер байқалмайды.

IX. Құқық нормаларының анықталған кемшіліктерін жоюға бағытталған шаралар бойынша ақпарат

р/с №	Актінің атауы	Әзірленген ұсыныс	Іске асыру мерзімі
1	№192 сатып алу ережесі	1) 2026 жылғы 15 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясымен; 2) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрландыру, көлік және кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының цифрлық Кодексімен және Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 9 қаңтардағы № 256-VIII Заңымен; 3) Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексімен сәйкестендіру.	Нормативтік құқықтық актілерді өзектендіру ағымдағы нормашығармашылық қызмет тәртібімен жүзеге асырылады. А.ж. 3 маусымдағы жағдай бойынша тиісті жоба әзірленіп ашық НҚА порталында орналастырылған.



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-П «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.